

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

### **Күшін жойған**

Атырау облысы Исадай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 108 қаулысы. Атырау облысының Эділет департаментінде 2016 жылғы 27 маусымда № 3548 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исадай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қарашадағы № 200 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исадай ауданы әкімдігінің 22.11.2024 № 200 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Атырау облысы Исадай ауданы әкімдігінің 16.11.2021 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18 бабы 2) тармақшасына, 139 бабы 9 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына және "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандары лауазымдарының тізбесіне келісім беру туралы" Исадай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 01 сәуірдегі № 7-VI шешіміне сәйкес аудан әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы Исадай ауданы әкімдігінің 16.11.2021 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Өтегалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 6 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

## КЕЛПІСЛІДІ:

Аудандық мәслихаттың

1-ші сессиясының төрағасы

2016 жылғы 30 мамыр

Аудандық мәслихат хатшысы

2016 жылғы 30 мамыр

Л. Мутянова

Н. Мұханбеталиев

Исатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы

30 мамырдағы № 108 қаулысына

қосымша

**Исатай ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 16.11.2021 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

2) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның күндіз болу бөлімшесінің басшысы;

3) барлық мамандықтағы дәрігерлер;

4) мейіргер;

5) емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы;

6) барлық мамандықтағы мұғалімдер;

7) тәрбиеші;

8) логопед;

9) психолог;

10) дефектолог;

11) әдіскер;

12) халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты;

13) халықты жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;

14) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

15) психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балалар мен 18 жастан асқан мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

16) халықты жұмыспен қамту орталығының асистенті.

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (директоры);

- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының (директорының) орынбасары;
- 3) ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (директоры);
- 4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;
- 5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас бухгалтері;
- 6) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлімінің басшысы;
- 7) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның кітапхана менгерушісі (басшысы);
- 8) әкімші (негізгі қызметтер);
- 9) аккомпаниатор;
- 10) концертмейстер;
- 11) библиограф;
- 12) кітапханашы;
- 13) дыбыс режиссері;
- 14) барлық атаудағы инженер (негізгі қызметтер);
- 15) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);
- 16) ұжым (үйірме) басшысы;
- 17) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);
- 18) музикалық жетекші;
- 19) музикалық әрлеуші;
- 20) редактор (негізгі қызметтер);
- 21) режиссер;
- 22) қоюшы режиссер;
- 23) хореограф;
- 24) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
- 25) барлық мамандықтағы инженер;
- 26) инспектор;
- 27) костюмер;
- 28) жарық аппаратурасы, бейне жазба, дыбыс жазба операторы.